

"Теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 24 қарашадағы № 1244 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 1349 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 475 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.06.2015 № 475 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 24 қарашадағы № 1244 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 2, 25-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу қағидасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
Қазақстан	<i>С. Ахметов</i>	Республикасы
Үкіметінің		
2012 жылғы	24	қазандағы
№ 1349	қаулысына	
қосымша		
Қазақстан		Республикасы
Үкіметінің		
2010 жылғы	24	қарашадағы
№ 1244	қаулысымен	
бекітілген		

Теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 24 маусымдағы Заңының 16-бабы 49) тармақшасына сәйкес әзірленді және Каспий және Арал теңіздерінің қазақстандық бөлігінде теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Теңіздегі ғылыми зерттеулер жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялардың теңізге әсерін және олардың қоршаған ортаға салдары мен биологиялық әртүрлілігін зерттеу мақсатында жүргізіледі.

3. Теңіздегі ғылыми зерттеулерді қазақстандық та, шетелдік те жеке және заңды тұлғалар, шетелдік мемлекеттік және құзыретті халықаралық ұйымдар жү з е г е а с ы р а а л а д ы .

4. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі теңіздегі ғылыми зерттеулер саласындағы құзыретті орган (бұдан әрі – құзыретті орган) болып т а б ы л а д ы .

5. Теңізде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде мынадай теңіздегі ғылыми зерттеулер жүзеге асырылуы мүмкін:

1) экологиялық зерттеулер (мұнайдың төгілуін зерттеу, қоршаған ортаны ластаушылармен күрес жөніндегі әдістер мен технологияларды әзірлеуге байланысты зерттеулер, авариялық жағдайларды зерттеу және басқалар);

2) сулы ортаның және мұзды жағдайдың гидродинамикасын зерттеу;

3) Каспий теңізі деңгейінің тербелістерін және оның теңіздегі мұнай-газ кәсіпшілігі гидротехникалық құрылыстарына және жағадағы мұнай-газ инфрақұрылымына тигізетін әсерін зерттеу және болжамдау;

4) ғылыми-зерттеу мақсатында мұнай операциялары мен бұрғылауды жүргізудің су асты әдістерін әзірлеуге бағытталған зерттеулер;

5) теңіз аясында түрлі құрылыс материалдарының жай-күйін зерттеуге б а ғ ы т т а л ғ а н з е р т т е у л е р ;

6) су асты кәбілдері мен құбырларын төсеу жобасын (жобаларын) әзірлеудің ғылыми қамтамасыз етілуіне бағытталған зерттеулер;

7) Каспий теңізінің қазақстандық секторында жасанды аралдар, құрылыстар мен қондырғылар жасау жобасын (жобаларды) әзірлеудің ғылыми қамтамасыз етілуіне б а ғ ы т т а л ғ а н з е р т т е у л е р ;

8) гидрографикалық, геофизикалық, гидробиологиялық және геотехникалық з е р т т е у л е р ;

9) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларға байланысты өзге де ғылыми зерттеулер.

2. Теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу тәртібі

6. Теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізуге мүдделі тұлғалар (бұдан әрі - өтініш берушілер) осындай жұмыстардың басталуы жөнінде құзыретті органды х а б а р д а р е т е д і .

Хабарламада мыналар қамтылуы тиіс:

- 1) теңіздегі ғылыми зерттеулердің сипаты мен мақсаты туралы ақпарат;
- 2) теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізу жоспарланатын ауданның географиялық координаталары, көрсетілген аудандарға баратын және кері қ а й т а т ы н м а р ш р у т т а р ;
- 3) зерттеу жүргізетін кемелердің алғашқы келетін және түпкілікті кететін болжамды күндері, ғылыми жабдықтарды орналастыру және шығару мерзімдері.

7. Теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізуге мынадай жағдайларда жол б е р і л м е й д і :

- 1) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндірсе немесе т ө н д і р у і м ү м к і н б о л с а ;
- 2) қоршаған теңіз аясын қорғау, табиғи ресурстарды сақтау, сондай-ақ теңіздердің су ресурстарын кешенді пайдалану талаптарымен үйлеспейтін болса;
- 3) Қазақстан Республикасының аумағында тыйым салынған жабдықты, қондырғыларды немесе іс-қимылдарды қамтитын болса;
- 4) Қазақстан Республикасының теңіз акваториясының қазақстандық бөлігінде өзінің егеменді және айрықша құқықтарын жүзеге асыруда жүргізетін қызметіне к е д е р г і к е л т і р е т і н б о л с а ;
- 5) жасанды аралдарды, қондырғыларды және құрылыстарды салуды, қолдануды немесе пайдалануды қамтитын болса.

8. Хабарламаны алғаннан кейін құзыретті орган бес жұмыс күні ішінде оны жер қойнауын зерттеу және пайдалану, қоршаған ортаны қорғау, су ресурстары және мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті о р г а н д а р ғ а ж і б е р е д і .

9. Теңіздегі ғылыми зерттеулер тапсырыс беруші (теңіздегі ғылыми зерттеулерді жүргізуді ұйымдастырушы тұлға) бекітетін жеке жобалар бойынша өткізіледі және нәтижесі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісіледі. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жобаны 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодекстің 50-бабында белгіленген мерзімдерде қарайды.